

Қашақбай Пірімов атындағы №103 орта мектеп бойынша 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының есебі.

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы - мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік –педогогикалық қолдау көрсете отырып , әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектеп оқушыларының әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған .

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педогогтің жылдық жоспары құрылды .

Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорт жасалды.

Оқу жылында оқушылардың әлеуметтік санаттары сандық көрсеткішпен көрсетілді .

Оқушылар саны -243

Әлеуметтік топтағы оқушылар – 89

Аз қамтылған отбасындағы балалар – 10

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар – 4

Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар – 65

Толық емес отбасылар -8

Ондағы бала саны – 10

Ата-анасының бірі қайтыс болған – 6

Ата –анасы ажырасқан отбасындағы балалар – 2

Ф-4 формадағы оқушылар – 2

Өгей әкемен тұратын оқушы -2

Үйден оқитын оқушы саны - 2

Жалпыға бірдей білім беру оқу қорынан әлеуметтік топтағы 75 оқушыға қаржылай көмек берілді.

Аз қамтылған отбасы балалары – 10

Көп балалы отбасы балалары - 60

Толық емес отбасы балалары – 5

« Мектепке жол » акциясы аясында Алматы қаласынан жеке кәсіпкер әлеуметтік топтағы 15 оқушыға 12-15 мың теңге көлемінде аяқ киімнен, аудандық кәсіподақ комитеті 1-сыныпқа келетін әлеуметтік санаттағы 3 оқушыға, «Аманат» партиясының аудандық филиалы бір оқушыға, Қарашеңгел ауылдық округі әкімшілігі 1 оқушыға, математика пәні мұғалімі А. Әбдібаев 1 оқушыға, мектеп директорының міндетін қоса атқарушы Б. Тажибаев 1 оқушыға оқу формалары, оқу құрал-жабдықтарға демеушілік көрсетті.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы бойынша 1-11 сынып бойынша -145 оқушы ыстық тамақпен қамтылды .

6-10 жас аралығында – 39 оқушы

11-14 жас аралығында – 35 оқушы

15-16 жас аралығы – 6 оқушы

Әлеуметтік топтағы – 80 оқушы

1-4 сыныптарда – 65 оқушы

Қараша айында қамқорлық акциясы ұйымдастырылып, Алматы қаласынан жеке кәсіпкер әлеуметтік топтағы 10 оқушыға 12-15 мың теңге көлеміндегі қыстық аяқ киімге және мектептің педагогикалық қызметкерлері Б. Тоқсанбаева, Г. Құлым, Л. Қанат, А. Оспанова көп балалы отбасы балаларына киім-кешек түрінде қайырымдылық көмегін көрсетті.

Үйден оқитын, толық емес, аз қамтылған отбасы оқушыларының үйлері араланып, тұрғын үй материалдық жағдайлары зерттелді.

2024 жылы 25 желтоқсанда аудан әкімі шыршасына мектептен әлеуметтік топтағы көп балалы отбасынан 4-сынып оқушысы Жәнібек Иманәлі қатысты. 2025 Жаңа жыл мерекесіне орай кәсіпкер Г.Сайлауова әлеуметтік топтағы 15 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар тарту етті.

Мерекелерде, мектепішілік, аудандық іс-шараларға әлеуметтік санаттағы оқушылар белсене қатысып отырады. Республикалық кітап оқу сайысына бірнеше әлеуметтік топтағы оқушылар қатысып марапаттарға ие болды. Мектепішілік үйірмелерге толық қамтылған, оқулықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп жанынан ұйымдастырылған күндізгі тынығу лагеріне әлеуметтік топтағы 40 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Қала сыртындағы «Шағала» сауықтыру лагеріне 21 әлеуметтік топ оқушылары демалды.

2024–2025 оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу, көмекке мұқтаж балаларға қолдау көрсету, құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Қамқорлыққа мұқтаж оқушыларға дер кезінде көмек көрсетілді, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылды.

Алдағы оқу жылында әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту, ата-аналармен жұмысты күшейту, құқықтық тәрбиені жетілдіру бағытында жұмыстар жалғастырылады.

Мектеп директоры:

Әлеуметтік педагог:



[Signature]

[Signature]

А.К.Мешітбай

Г. Ыбрай

1-4 сыныптарда – 65 оқушы

Қараша айында қамқорлық акциясы ұйымдастырылып, Алматы қаласынан жеке кәсіпкер әлеуметтік топтағы 10 оқушыға 12-15 мың теңге көлеміндегі қыстық аяқ киімге және мектептің педагогикалық қызметкерлері Б. Тоқсанбаева, Г. Құлым, Л. Қанат, А. Оспанова көп балалы отбасы балаларына киім-кешек түрінде қайырымдылық көмегін көрсетті.

Үйден оқитын, толық емес, аз қамтылған отбасы оқушыларының үйлері араланып, тұрғын үй материалдық жағдайлары зерттелді.

2024 жылы 25 желтоқсанда аудан әкімі шыршасына мектептен әлеуметтік топтағы көп балалы отбасынан 4-сынып оқушысы Жәнібек Иманәлі қатысты. 2025 Жаңа жыл мерекесіне орай кәсіпкер Г.Сайлауова әлеуметтік топтағы 15 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар тарту етті.

Мерекелерде, мектепішілік, аудандық іс-шараларға әлеуметтік санаттағы оқушылар белсене қатысып отырады. Республикалық кітап оқу сайысына бірнеше әлеуметтік топтағы оқушылар қатысып марапаттарға ие болды. Мектепішілік үйірмелерге толық қамтылған, оқулықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп жанынан ұйымдастырылған күндізгі тынығу лагеріне әлеуметтік топтағы 40 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Қала сыртындағы «Шағала» сауықтыру лагеріне 21 әлеуметтік топ оқушылары демалды.

2024–2025 оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу, көмекке мұқтаж балаларға қолдау көрсету, құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Қамқорлыққа мұқтаж оқушыларға дер кезінде көмек көрсетілді, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылды.

Алдағы оқу жылында әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту, ата-аналармен жұмысты күшейту, құқықтық тәрбиені жетілдіру бағытында жұмыстар жалғастырылады.

Мектеп директоры:

Әлеуметтік педагог:



[Signature]

[Signature]

А.К.Мешітбай

Г. Ыбрай